

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 3 маусымдағы N 3014 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақы төлеу үшін мемлекеттік қызмет стажы мен зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеудің тәртібі туралы ережеге толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 23 сәуір N 3919. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.03.10. N 357 жарлығымен. ~U000357

Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 3 маусымдағы N 3014 U963014_ Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақы төлеу үшін мемлекеттік қызмет стажы мен зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеудің тәртібі туралы ереженің 1 тарауының 2-тармағы мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты өкілеттігін жүзеге асырған уақыт кіреді";

9) тармақшадағы "уақыт кіреді" сөздері алынып тасталсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті